

Nurly ÓLKE

QOĖAMDYQ- SAYASI GAZET

ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№ 4-5 (724-725) 26.1. 2023

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurliolke.kz

ӘЛЕУМЕТ

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ҚОНАЕВҚА КЕЛІП ҚАЙТТЫ



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛГЕН ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА 2020 ЖЫЛЫ ГАЗҒА АУЫСТЫРЫЛҒАН «ЖЫЛУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖЫЛУМЕН ҚАМТУ МЕКЕМЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ. ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ОЛ ШАМАМЕН 179,72 ГКАЛ/САҒ ӨНДІРЕДІ ЖӘНЕ 30 МЫҢҒА ЖУЫҚ АБОНЕНТТІ, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ОБЪЕКТІЛЕРДІ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

Үкімет басшысы жылумен қамту көздерін газға ауыстыру оның энергия тиімділігін

арттыруға және атмосфераға шығарылатын зиянды зат қалдықтарын едәуір төменде-

туге мүмкіндік бергенін атап өтті.

Премьер-Министр «Кнауф Гипс Қапшағай» ЖШС-ға барды. Кәсіпорын 2003 жылы жеке инвестициялар есебінен салынған және гипстен жасалған бұйымдар, құрғақ құрылыс қоспаларын, сондай-ақ, мырыш профилдерін шығарады. Қазіргі уақытта өндіріс 100 пайыз қуаттылықпен жұмыс істеуде.

(Жалғасы 2-бетте)

ПАРТИЯ МІНБЕРІ

ПАЙДАЛАНЫЛМАЙ ЖАТҚАН ЖЕРЛЕР ҚАЙТАРЫЛУДА

ҚОНАЕВ ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫНЫҢ ОҚУ ЗАЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗЫП БЕРІЛГЕН ЖЕРЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІККЕ ҚАЙТАРУ БОЙЫНША «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ ЖАНЫНДАҒЫ «ЖЕР АМАНАТЫ» АЙМАҚТЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ БОЛЫП ӨТТІ.



Бұл басқосуға Алматы облысы әкімінің орынбасары Рауан Рақымбеков, аудан мен қала

әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

(Жалғасы 2-бетте)



МӘЖІЛІС ПЕН МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТӘРТІБІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Орталық сайлау комиссиясы 19 наурызда аралас жүйе бойынша өткелі отырған мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлау тәртібін жариялады.

◆ Үміткерлерді ұсыну бүгіннен басталып, 8 ақпанда аяқталады.

◆ Кандидаттарды тіркеу 18 ақпан күні Астана уақытымен 18.00-де бітеді.

◆ Сайлау алдындағы үгіт-насихат 18 ақпан күні сағат 18:00-де басталып, 18 наурыз сағат 00:00-ге дейін жүргізіледі.

◆ 18 наурыз – тыныштық күні.

◆ 19 наурыз – сайлау күні.

Мәжіліс биылғы сайлаудан бастап аралас жүйемен жасақталады. 69 депутат партиялық тізім бойынша, 29 депутат бірмандаттық сайлау округы бойынша сайланады.

Ал мәслихат депутаттары облыс, ел астанасы мен республикалық маңызы бар қалаларда жартылай партиялық, жартылай жоғары деңгейлі жүйемен сайланады.

Бірмандаттық сайлау округы қалай құрылатынын әзірге айтылмады.

САЙЛАУ – 2023

ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ САЙЛАУ ЖАРНАСЫ БЕКІТІЛДІ

«Сайлау туралы» конституциялық заңның 88-бабының 5-тармағында бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісі депутаттығына әрбір кандидаттың тіркелгенге дейін және оның Конституция мен осы конституциялық заңда қойылған талаптарға сәйкестігі тексерілген соң Орталық сайлау комиссиясының шотына ҚР заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының 15 еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізу міндеті белгіленеді.

Енгізілген жарна егер сайлау қорытындылары бойынша кандидат Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланса немесе дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың кемінде 5% жинаса, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда кандидатқа қайтарылады», – деді ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Асылбек Смағұлов комиссия отырысында.

Елімізде 2023 жылға ең төменгі жалақы мөлшері 70 мың теңге болып белгіленгенін ескерсек, Мәжіліс депутаттығына сайлау жарнасы 1 млн 50 мың теңге болды.

Мәслихат депутаттығына кандидаттың сайлау жарнасы ең төменгі 5 жалақыны (350 мың теңге) құрайды.

19 наурызда Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді. Кандидаттарды ұсыну сайлауды тағайындау туралы Жарлық жарияланған күннен басталады және 20 күнге созылады, 8 ақпанда әр аймақта жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады. Үміткерлерді тіркеу 20 қаңтардан 18 ақпанға дейін жалғасады. Сайлау алдындағы үгіт-насихат 18 ақпан күні сағат 18:00-де басталып, 18 наурыз сағат 00:00-ге дейін жүргізіледі.

ӘЛЕУМЕТ

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ҚОНАЕВҚА КЕЛІП ҚАЙТТЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Зауыт өнімдері ішкі нарыққа және таяу шетелдерге, Ауғанстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан елдеріне жеткізіледі. 2022 жылы жалпы өндіріс көлемінің 30 пайыздан астамы экспортқа жіберілген.

Әлихан Смайылов Үкімет құрылыс индустриясын, жоғары технологиялық кәсіпорындар құру бастамасын әрдайым қолдайтынын, бұл импортты алмастыру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Шетелдік инвестицияларды тарта отырып, мұндай жобаларды іске асыру инвесторларды қолдау бағытында мемлекеттің сенімді көрсеткіші болып табылады. Облыс



әкімдігі жаңа индустриялық жобаларды іске қосу үшін қолайлы жағдай жасауды одан әрі жалғастыруы тиіс, – деді ол.

Сапар барысында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов агроөнеркәсіп жұмысымен танысып, өңірдің ауыл

шаруашылығы құрылымдарының жетекшілерімен кездесті. Үкімет басшысының айтуынша, жаңа өнім өңдейтін агроөнеркәсіпорындардың құрылуы өңірдің инвестициялық мүмкіндіктерін арттыра бермек. Бұл ретте жергілікті ауыл шаруашылығы тау-

арын өндірушілердің өнімдерін сақтауды және өткізуді қамтамасыз ету – өте маңызды мәселе. Сондай-ақ, Премьер-Министр облыстың ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшыларымен кездесіп, субсидиялау, айналым қаражатымен қамтамасыз ету, су және газ көздерін қолжетімді ету, жем-жөп, ветеринариялық препараттар, тұқымдар, тыңайтқыштар, пестицидтер, гербицидтер, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу мәселелерін талқылады.

Әлихан Смайылов алдағы жылдары Үкімет шаруаларға қажетті су көлемін жеткізіп беру үшін каналдар мен гидронисандарды салуға және жаңғыртуға қосымша қаражат бөлетінін айтты. Одан кейін Премьер-Министр 2022 жылы іске қосылған және жылына 15 мыңға дейін өнім шығаратын «Nauryz Agro KZ» ЖШС бройлерлік құс фабрикасының жұмысымен танысты. Барлық әлемдік стандарттарға сәйкес келетін кәсіпорынның өз инкубаторы бар және қазіргі уақытта ет өңдеу цехінің құрылысы жүріп жатыр. Әлихан Смайылов құс фабрикасының өңір экономикасы

үшін ғана емес, ішкі нарықты отандық азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін де маңызды зор екенін айтты.

Үкімет басшысы тез дайындалатын тамақ өнімдерін өндірумен айналысатын «Маревен Фуд Тянь-Шань» ЖШС кәсіпорнына барды. Өз өнімдерін ішкі нарыққа да, жақын шет елдерге де сатып отырған зауытта 850 адам жұмыс істейді. Өткен жылы мұнда алкогольсіз сусындардың жаңа желісі іске қосылды. Өндіріс қуаты жылына 78 млн. бөтелкені құраған. Қосымша 90 жұмыс орны құрылған.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, бұл заманауи зауыт – шетелдік инвестицияның қатысуымен іске асып жатқан табысты жобаның нақты көрінісі. «Бүгінгі таңда өнімнің 70 пайыздан астамы экспортқа жіберіледі, бұл өңірдегі тамақ өнеркәсібін дамыту әлеуеті қаншалықты жоғары екенін көрсетеді. Осыған байланысты жергілікті билік жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту және оларды кеңейту мәселелері бойынша жәрдемдесуі қажет», – деді Премьер-Министр.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

ПАРТИЯ МІНБЕРІ

ПАЙДАЛАНЫЛМАЙ ЖАТҚАН ЖЕРЛЕР ҚАЙТАРЫЛУДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жиын барысында модератор «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының төрағасы Қуат Байғоджаев келелі мәселелер төңірегіне өз пікірімен бөлісіп отырды.

Күн тәртібінде «Облыс аумағында пайдаланылмай жатқан шаруақожалық жерлерді мемлекетке қайтару жөнінде атқарылып жатқан жұмыстар» және «Жайылымдық жерлер мәселесі бойынша проблемалық ауылдарда атқарылып жатқан жұмыстар» тақырыбында екі мәселе қаралды.

Бірінші мәселе бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі жер ресурстарын басқару комитетінің Алматы облысының жер ресурстарын басқару департаментінің бастығы Жандос Нұрлыбаев ең алдымен 2023 жылы ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің тапсырмасы бойынша 220 000 гектар пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару жоспарланып отырғандығына тоқталды.

Ағымдағы жылы Алматы облысының жер ресурстарын басқару Департаментімен пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы жерлеріне қатысты материалдарына жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижесінде жалпы көлемі 285,5 мың гектар пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер анықталды.

Материалдарды қабылдау үшін Департаментпен қабылдау кестесі жасалып, бұл туралы аудан, қала әкімдіктеріне алдын ала ескертілді және қабылдау ағымдағы жылдың 28 желтоқсанынан басталды. Қазіргі күнге облыс көлемінде 605 субъектілердің жалпы көлемі 285,5 мың гектар пайдаланылмаған жайылымдық жерлер туралы материалдар қабылданды, оның ішінде: Департамент тарапынан жоғарыдағы көрсетілген пайдаланылмайтын жер учаскелеріне тексеріс жұмыстарын жүргізу үшін, жер

учаскелерін пайдаланбаған субъектілерге қатысты хабарлама беру жұмыстары жалғасуда. Соңынан тексеріс жұмыстары жүргізіледі, – деді Жандос Асқарұлы.

Жер кодексінің 14-1-бабы 3-тармағының 16-тармақшасы бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдарының аудан шекарасы, қала шекарасы (шегі) шебіндегі және оның әкімшілік бағыныстылығына берілген аумақтағы құзыретіне: аудандық және қалалық жер қатынастары бөлімдеріне жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру жатқызылған.

Осыған байланысты баяндамашы Департамент жасалған шарттардың талаптары орындалмаған жағдайда, оның ішінде жерді нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланбаған кезде тиісті шаралар қабылдау бойынша аудандық және қалалық соттарға жіберу үшін Департамент әзірлеген талап арыз үлгісі жіберілгеніне тоқтала келе, уәкілетті жергілікті атқарушы органдар шартты біржақты тәртіппен немесе сот шешімі бойынша мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екендігін жеткізді.



Баяндамашы жоғарыда айтылғандардың негізінде пайдаланылмайтын жер учаскелерін мемлекеттік меншікке қайтару жөніндегі жұмысты жеделдету мақсатында, пайдаланылмаған жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша жергілікті атқарушы органдар берген талап арыздар бойынша сот органдары мен прокуратура тарапынан қолдау керектігін де еске салды.

Екінші мәселе бойынша сөз алған Алматы облысының жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Қайрат Қыдырбаев Алматы облысы республиканың аграрлық өңіріне жататындықтан «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (2017 жылғы 20 ақпандағы 47-VI) талаптарын орындау облыс үшін өзекті мәселенің бірі болып табылатындығын алға тарта әңгімелеп, өңірдегі 3,5 млн. мал басының 1,3 млн. басы жеке қосалқы шаруашылықтарда шоғырланғандығы туралы деректерді келтіре әңгімеледі.

Облыстық статистика департаментінің деректері бойынша облыста 334,8 мың ірі қара, 894,3 мың қой-ешкі, 99,8 мың жылқы, 4 мың түйе бар.

Облыстың ауыл шаруашылығы мақсатындағы жайылым жерлерінің жалпы ауданы 3,7 млн. гектарды құрайды. Халықтың және шаруашылықтардың қолда бар мал басын ескере отырып, жайылымдардың тапшылығы бойынша талдау жүргізілді. Ауыл шаруашылығы жануарларының қолда бар мал басын ескере отырып, жеке аулаларда 1 407,2 мың гектар жайылымдық жерге тапшылық бар. Осы қажеттілікті жою мақсатында жергілікті атқарушы органдармен келесі жұмыстар жүргізілуде.

2022 жылы пайдаланылмай жатқан жалпы көлемі 112,0 мың гектар жер учаскелері мемлекет меншігіне қайтарылды. Сонымен қатар, елді мекендерге ерікті түрде қайтарылған жалпы көлемі 585,0 мың гектар жайылымдар қосымша бекітіліп берілді. Бұдан бөлек, жер қорында 979,5 мың гектар, орман қоры жерінде 429,4 мың гектар жайылымдық жерлер бар, – деді Қайрат Үмітбекұлы.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесі бойынша Балқаш, Жамбыл, Еңбекшіқазақ, Кеген, Райымбек, Ұйғыр аудандары мен Қонаев қаласында халықтың жайылымға деген сұраныстары қанағаттандырылса, Қарасай, Іле және Талғар аудандарында бұл жұмыстар одан әрі жалғасуда.

Жайылымдарды басқару және пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту жөніндегі жұмыстар жүзеге асырылды. Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болдырмау мақсатында қабылданады. Қазіргі уақытта облыс бойынша 1 қала мен 8 ауданның 2023 – 2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану туралы жоспарлары бекітілген. Халықтың жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін жайылымдық жерлерге мұқтажығын қанағаттандыру мақсатында аудан және қала әкімдіктерімен мемлекет мұқтажы үшін 78,2 мың гектар жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша жұмыстар жүргізілуде, – деді Қ. Қыдырбаев.

«AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалы жанындағы «Жер аманаты» аймақтық комиссиясының осы отырысында Мемлекет басшысының пайдаланылмайтын жайылымдық алқаптарды қайтару туралы тапсырмасын орындау үшін қазіргі уақытта 285,5 мың гектар жайылымдық алқаптардың пайдаланылмауына байланысты мемлекет меншігіне қайтару бойынша жер ресурстарын басқару департаментімен жұмыстар тиянақты жүргізіліп, алдағы уақытта күн тәртібіндегі мәселелер төңірегінде жүйелі жұмыстар нақтыланбақ. Яғни, пайдаланылмай жатқан жерлер сөз жоқ біртіндеп мемлекет меншігіне қайтарылады.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ

Жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы

2023 жылғы 19 қаңтар

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 2) тармақшасына, 63-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 85-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

- Жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі таратылсын.
- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалсын.
- Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауына дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.
- Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 19 қаңтар
№ 104

Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы

2023 жылғы 19 қаңтар

Қазақстан Республикасы Конституциясының 86-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 101-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

- Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылсын.
- Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау, оның дайындығы мен өткізілуін ұйымдастыру жөніндегі шараларды қабылдасын.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауын ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын.
- Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 19 қаңтар
№ 105

Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 12-бабының 14) тармақшасына, 101-бабының 3-тармағына, 103-бабының 7-тармағына, 104-бабының 8-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің «Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 105 Жарлығының негізінде Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 2023 жылғы 19 наурызға Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы тағайындалсын.
- Мәслихаттар депутаттарына кандидаттарды ұсыну және өзін-өзі ұсыну мерзімдері 2023 жылғы 20 қаңтардан бастап 2023 жылғы 8 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізге дейін белгіленсін.
- Партиялық тізімдерді, кандидаттарды тіркеу мерзімінің 2023 жылғы 18 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізге дейін аяқталатыны белгіленсін.
- Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, Республика астанасының, қалалардың, аудандардың аумақтық сайлау комиссиялары Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізуді қамтамасыз етсін.
- Осы қаулы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Төраға

Хатшы

Н. ӘБДИРОВ

М. ЕРМАН

Астана қаласы, 2023 жылғы 20 қаңтар,
№ 18/669

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 12-бабы 1) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің «Жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 104 Жарлығының негізінде Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қоса беріліп отырған 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.
- Осы қаулы облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының сайлау комиссияларына сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету үшін жіберілсін.
- Осы қаулы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында жариялансын.

Төраға

Хатшы

Астана қаласы, 2023 жылғы 20 қаңтар,
№ 18/670

Н. ӘБДИРОВ

М. ЕРМАН

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының
2023 жылғы 20 қаңтардағы №18/670 қаулысына қосымша

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау округтерінің тізімін, олардың шекаралары мен округтік сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсете отырып, жариялау	Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей 2023 жылғы 29 қаңтардан кешіктірмей (12-б. 2-2) тт., 22-б. 2-т.)
2. Аумақтық және округтік сайлау комиссияларының құрамын, олардың орналасқан жерлерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Тісті аумақтық сайлау комиссиялары Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей 2023 жылғы 29 қаңтардан кешіктірмей (13-б. 4-т., 15-1-б. 3-т., 22-б. 2-1-т.)	
3. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	Тісті өкімдер Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күн мерзім ішінде 2023 жылғы 2 ақпаннан кешіктірмей (23-б. 5-т.)
4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	Тісті аумақтық сайлау комиссиялары Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей 2023 жылғы 2 ақпаннан кешіктірмей (17-б. 2-т.)
5. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына кандидаттарды ұсыну	

(Жалғасы 4-бетте)

О роспуске Мажилиса Парламента Республики Казахстан седьмого созыва и назначении внеочередных выборов депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан

19 января 2023 года

В соответствии с подпунктом 2) статьи 44, пунктом 1 статьи 63 Конституции Республики Казахстан, статьей 85 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

- Распустить Мажилис Парламента Республики Казахстан седьмого созыва.
- Назначить внеочередные выборы депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан на 19 марта 2023 года.
- Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан организовать подготовку и проведение внеочередных выборов депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан.
- Правительству Республики Казахстан, акимам городов Астаны, Алматы, Шымкента и областей безотлагательно принять все необходимые меры по организационному, материально-техническому и финансовому обеспечению внеочередных выборов депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан.
- Настоящий Указ вводится в действие со дня опубликования.

Президент Республики Казахстан

К.ТОКАЕВ

Астана, Акорда, 19 января 2023 года
№ 104

О досрочном прекращении полномочий маслихатов всех уровней

19 января 2023 года

В соответствии с пунктом 5 статьи 86 Конституции Республики Казахстан, пунктом 3 статьи 101 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», пунктом 2 статьи 23 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

- Досрочно прекратить полномочия маслихатов всех уровней.
- Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан принять меры по назначению, организации подготовки и проведения внеочередных выборов депутатов маслихатов всех уровней.
- Правительству Республики Казахстан, акимам городов Астаны, Алматы, Шымкента и областей принять меры по организационному, материально-техническому и финансовому обеспечению внеочередных выборов депутатов маслихатов всех уровней.
- Настоящий Указ вводится в действие со дня опубликования.

Президент Республики Казахстан

К.ТОКАЕВ

Астана, Акорда, 19 января 2023 года
№ 105

О назначении внеочередных выборов депутатов маслихатов Республики Казахстан

В соответствии с подпунктом 14) статьи 12, пунктом 3 статьи 101, пунктом 7 статьи 103, пунктом 8 статьи 104 Конституционного закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах в Республике Казахстан» и на основании Указа Президента Республики Казахстан от 19 января 2023 года № 105 «О досрочном прекращении полномочий маслихатов всех уровней» Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Назначить внеочередные выборы депутатов маслихатов Республики Казахстан на 19 марта 2023 года.
- Установить сроки выдвижения и самовыдвижения кандидатов в депутаты маслихатов с 20 января 2023 года и до восемнадцати часов по местному времени 8 февраля 2023 года.
- Установить окончание срока регистрации партийных списков, кандидатов в восемнадцать часов по местному времени 18 февраля 2023 года.
- Территориальным избирательным комиссиям областей, городов республиканского значения, столицы Республики, городов, районов обеспечить подготовку и проведение выборов депутатов маслихатов Республики Казахстан.
- Разместить настоящее постановление на интернет-ресурсе Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан.

Председатель

Секретарь

Н. АБДИРОВ

М. ЕРМАН

город Астана, 20 января 2023 года,
№ 18/669

Об утверждении Календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению внеочередных выборов депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан, назначенных на 19 марта 2023 года

В соответствии с подпунктом 1) статьи 12 Конституционного закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах в Республике Казахстан» и на основании Указа Президента Республики Казахстан от 19 января 2023 года № 104 «О роспуске Мажилиса Парламента Республики Казахстан седьмого созыва и назначении внеочередных выборов депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан» Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Утвердить прилагаемый Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению внеочередных выборов депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан, назначенных на 19 марта 2023 года.
- Настоящее постановление направить областным, городов республиканского значения и столицы Республики избирательным комиссиям для обеспечения организации и проведения выборов.
- Опубликовать настоящее постановление на интернет-ресурсе Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан.

Председатель

Секретарь

город Астана, 20 января 2023 года,
№ 18/670

Н. АБДИРОВ

М. ЕРМАН

Приложение к постановлению Центральной избирательной
комиссии Республики Казахстан № 18/670 от 20 января 2023 года

КАЛЕНДАРНЫЙ ПЛАН основных мероприятий по подготовке и проведению внеочередных выборов депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан, назначенных на 19 марта 2023 года

1. Опубликование списка избирательных округов по выборам депутатов Мажилиса Парламента по одномандатным территориальным избирательным округам с указанием их границ и мест нахождения окружных избирательных комиссий	Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан Не позднее чем через десять дней после назначения выборов Не позднее 29 января 2023 года (пп. 2-2) ст. 12, п.2 ст.22)
2. Опубликование состава территориальных и окружных избирательных комиссий, мест их нахождения в средствах массовой информации,	Соответствующие территориальные избирательные комиссии Не позднее чем через десять дней после назначения выборов Не позднее 29 января 2023 года (п. 4 ст. 13, п.3 ст. 15-1, п.2-1 ст.22)
3. Опубликование сообщения о границах избирательных участков в средствах массовой информации	Соответствующие акимы В пятнадцатидневный срок после назначения выборов Не позднее 2 февраля 2023 года (п. 5 ст. 23)
4. Опубликование состава участковых избирательных комиссий в средствах массовой информации	Соответствующие территориальные избирательные комиссии Не позднее чем через пятнадцать дней после назначения выборов Не позднее 2 февраля 2023 года (п. 2 ст. 17)
5. Выдвижение кандидатов в депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан, избираемых по партийным спискам	

(Продолжение на стр. 4)

(Жалғасы. Басы 3-бетте)

	Саяси партияның жоғары органы 2023 жылғы 20 қаңтарда басталады және 8 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18-00-де аяқталады (87-б.)
6. Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды ұсыну Саяси партияның, өзге де қоғамдық бірлестіктің жоғары органы және өзін-өзі ұсыну жолымен азаматтар 2023 жылғы 20 қаңтарда басталады және 8 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18-00-де аяқталады (87-б.)	
7. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына партиялық тізімді, саяси партияның жоғары органының партиялық тізімді ұсыну туралы хаттамасынан үзінді көшірмені азаматтардың партиялық тізімге енгізуге келісімі туралы өтініштерімен бірге ұсыну	
	Саяси партиялардың жоғары органдары 2023 жылғы 20 қаңтарда басталады және 8 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18-00-де аяқталады (87-б. 2-т., 3-т.)
8. Тиісті округтік сайлау комиссиясына осы бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша ұсыну үшін заңнамада көзделген өзге де құжаттарды беру	
	Азаматтар, өзін-өзі ұсыну кезінде; Саяси партиялардың, өзге де қоғамдық бірлестіктердің жоғары органдары 2023 жылғы 20 қаңтарда басталады және 8 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18-00-де аяқталады (87-б. 5-т., 6-т.)
9. Партиялық тізімдерге енгізілген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттардың Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында оларға қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Саяси партия партиялық тізімді ұсынғаннан кейін (86, 87-б.)	
10. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттардың оларға Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау Қазақстан Республикасының округтік (аумақтық) сайлау комиссиясы Көзделген құжаттарды ұсынғаннан кейін (86, 87-б.)	
11. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша активтер мен міндеттер туралы декларация тапсыру	
	Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) Тіркелгенге дейін (89-б. 2-т.)
12. Партиялық тізімдерді тіркеу	
	Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы 2023 жылғы 20 қаңтарда басталады және 18 ақпанда жергілікті уақыт бойынша 18-00 сағатта аяқталады (89-б. 8-т.)
13. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша кандидаттарды тіркеу Округтік (аумақтық) сайлау комиссиялары 2023 жылғы 20 қаңтарда басталады және 18 ақпанда жергілікті уақыт бойынша 18-00 сағатта аяқталады (89-б. 8-т.)	
14. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша кандидаттарды тіркеу туралы хаттаманы Орталық сайлау комиссиясына ұсыну Округтік (аумақтық) сайлау комиссиялары Бес күндік мерзімде (89-б. 4-2 т.)	
15. Партиялық тізімдердің тіркелгені туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	
	Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Партиялық тізімдер тіркелгеннен кейін оныншы күннен кешіктірмей (89-б. 6-т. 1) т.)
16. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Округтік сайлау комиссиялары Кандидаттар тіркелгеннен кейін жетінші күннен кешіктірмей (89-б. 4-3 т. 1) т.)	
17. Кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сенім білдірген адамдарын тіркеу	
	Тиісті округтік, аумақтық сайлау комиссиялары Кандидат, саяси партия сенім білдірілген адамдарының тізімін тіркеу үшін ұсынғаннан кейін (14-б. 2-1) т., 16-1-б. 6-т., 31-б.)
18. Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) жариялаған активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру Мемлекеттік кірістер органдары Партиялық тізім, кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде (89-б. 2-т.)	
19. Саяси партиялардың атауларын сайлау бюллетеніне енгізу бойынша жеребе тартуды өткізу	
	Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Партиялық тізімдер тіркелгеннен кейін (37-б. 1-т.)
20. Саяси партиялардың сайлау қорларының арнаулы уақытша шоттарын ашу	
	Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Партиялық тізім тіркелгеннен кейін (34-б. 6-т.)
21. Кандидаттардың сайлау қорларының арнаулы уақытша шоттарын ашу Округтік сайлау комиссиялары Кандидат тіркелгеннен кейін (34-б. 6-т.)	
22. Саяси партиялардың арнаулы шоттарына қаражаттың келіп түскені туралы және оның жұмсалғаны туралы есептерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Айына екі рет	
23. Кандидаттардың арнаулы шоттарына қаражаттың келіп түскені туралы және оның жұмсалғаны туралы есептерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	
	Округтік сайлау комиссиялары Айына екі рет
24. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу, оларды жаратандыру және ақпараттандыру	
	Жергілікті атқарушы органдар және тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Үгіт басталғанға дейін, 2023 жылғы 18 ақпанға дейін (28-б. 6-т.)
25. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу	
	Кандидаттарды, партиялық тізімдерді тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады 2023 жылғы 18 ақпанда жергілікті уақыт бойынша 18-00 сағаттан кейін басталады және 18 наурызда жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады (27-б. 2-т.)
26. Кандидаттарға (жүгінген кезінде) сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру, бөлінген үй-жайларда кандидаттардың сайлаушылармен кездесулер кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	
	Жергілікті атқарушы органдар және тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)
27. Өрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін ақт бойынша учаскелік сайлау комиссиясына ұсыну	
	Тиісті әкімдер Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын 2023 жылғы 26 ақпанға дейін (26-1 б. 1-т.)

(Продолжение. Начало на стр. 3)

	Высший орган политической партии Начинается 20 января и заканчивается в 18.00 часов по местному времени 8 февраля 2023 года (ст. 87)
6. Выдвижение кандидатов в депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан, избираемых по одномандатным территориальным избирательным округам	
	Граждане путем самовыдвижения и Высший руководящий орган политической партии, иного общественного объединения Начинается 20 января и заканчивается в 18.00 часов по местному времени 8 февраля 2023 года (ст. 87)
7. Представление в Центральную избирательную комиссию Республики Казахстан партийного списка, выписки из протокола высшего органа политической партии о выдвижении партийного списка вместе с заявлениями граждан о согласии быть включенным в партийный список	
	Высшие органы политических партий Начинается 20 января и заканчивается в 18.00 часов по местному времени 8 февраля 2023 года (п. 2, п. 3, ст. 87)
8. Представление в соответствующую окружную избирательную комиссию предусмотренных законодательством документов по выдвижению по данному одномандатному территориальному избирательному округу	
	Граждане, при самовыдвижении; Высшие органы политических партий, иных общественных объединений Начинается 20 января и заканчивается в 18.00 часов по местному времени 8 февраля 2023 года (п. 5, п. 6, ст. 87)
9. Установление соответствия кандидатов в депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан, включенных в партийные списки, требованиям, предъявляемым к ним Конституцией Республики Казахстан и Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан»	
	Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан После представления политической партией партийного списка (ст. 86, 87)
10. Установление соответствия кандидатов в депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан по одномандатному территориальному избирательному округу требованиям, предъявляемым к ним Конституцией Республики Казахстан и Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан»	
	Окружная избирательная комиссия Республики Казахстан После представления предусмотренных документов (ст. 86, 87)
11. Представление в органы государственных доходов по месту жительства декларации об активах и обязательствах по состоянию на 1 января 2023 года	
	Кандидат и его (ее) супруга (супруг) До регистрации (п. 2 ст. 89)
12. Регистрация партийных списков	
	Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан Начинается 20 января и заканчивается в 18.00 часов по местному времени 18 февраля 2023 года (п. 8 ст. 89)
13. Регистрация кандидатов по одномандатному территориальному избирательному округу	
	Окружные избирательные комиссии Начинается 20 января и заканчивается в 18.00 часов по местному времени 18 февраля 2023 года (п. 8 ст. 89)
14. Представление протокола о регистрации кандидатов по одномандатному территориальному избирательному округу в Центральную избирательную комиссию	
	Окружные избирательные комиссии Пятидневный срок (п. 4-2 ст. 89)
15. Опубликование в средствах массовой информации сообщения о регистрации партийных списков	
	Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан Не позднее чем на десятый день после регистрации партийных списков (пп. 1) п. 6 ст. 89)
16. Опубликование в средствах массовой информации сообщения о регистрации кандидатов по одномандатному территориальному избирательному округу	
	Окружные избирательные комиссии Не позднее чем на седьмой день после регистрации кандидатов (пп. 1) п. 4-3 ст. 89)
17. Регистрация доверенных лиц кандидатов, политических партий, выдвинувших партийные списки	
	Соответствующие окружные, территориальные избирательные комиссии После представления кандидатом, политической партией списка доверенных лиц для регистрации (пп. 2-1) ст. 14, пп. 6) ст. 16-1, ст. 31)
18. Проверка достоверности сведений об активах и обязательствах, задекларированных кандидатом и его (ее) супругой (супругом)	
	Органы государственных доходов В течение пятнадцати дней со дня регистрации партийного списка, кандидата (п. 2 ст. 89)
19. Проведение жеребьевки по включению наименований политических партий в избирательный бюллетень	
	Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан После регистрации партийных списков (п. 1 ст. 37)
20. Открытие специальных временных счетов избирательных фондов политических партий	
	Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан После регистрации партийного списка (п. 6 ст. 34)
21. Открытие специальных временных счетов избирательных фондов кандидатов	
	Окружные избирательные комиссии После регистрации кандидата (п. 6 ст. 34)
22. Опубликование в средствах массовой информации отчетов о поступлении средств на специальные счета политических партий и их расходовании	
	Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан Два раза в месяц
23. Опубликование в средствах массовой информации отчетов о поступлении средств на специальные счета кандидатов и их расходовании	
	Окружные избирательные комиссии Два раза в месяц
24. Определение мест для размещения агитационных печатных материалов, их оснащение и информирование	
	Местные исполнительные органы и соответствующие территориальные избирательные комиссии до начала агитации, до 18 февраля 2023 года (п. 6 ст. 28)
25. Проведение предвыборной агитации	
	Начинается с момента окончания срока регистрации кандидатов, партийных списков и заканчивается в ноль часов по местному времени дня, предшествующего дню выборов Начинается после 18.00 часов по местному времени 18 февраля и заканчивается в ноль часов по местному времени 18 марта 2023 года (п. 2 ст. 27)
26. Предоставление кандидатам (при обращении) помещений для встреч с избирателями, составление и опубликование в средствах массовой информации графика встреч кандидатов с избирателями в выделенных помещениях	
	Местные исполнительные органы и соответствующие территориальные избирательные комиссии В период проведения предвыборной агитации (п. 4 ст. 28)
27. Представление по акту в участковую избирательную комиссию списков избирателей, подписанных акимом по каждому избирательному участку	
	Соответствующие акимы За двадцать дней до начала голосования до 26 февраля 2023 года (п. 1 ст. 26-1)

28. Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну	Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беру күніне он бес күн қалғанда 2023 жылғы 4 наурыздан бастап	(26-б. 1-т.)
29. Сайлаушыларды дауыс беру уақыты мен орны туралы хабардар ету	Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей 2023 жылғы 9 наурызға дейін	(18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)
30. Жекелеген сайлау учаскелерінде дауыс беруді бастаудың және аяқтаудың басқа уақытын белгілеу және ол туралы шешімді сайлаушыларға жеткізу	Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары Сайлау күніне дейінгі он күннен кешіктірмей 2023 жылғы 9 наурызға дейін	(38-б. 1-т., 3-т.)
31. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеу	Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Дауыс беру күніне бес күн қалғанда жергілікті уақыт бойынша он сегіз сағатта аяқталады 2023 жылғы 13 наурызда сағат 18-00-де аяқталады	(20-2-б. 2-т., 4-т.)
32. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу	Аумақтық сайлау комиссиялары Сайлауға дейінгі үш күннен ерте емес және оған дейінгі бір күннен кешіктірмей 2023 жылғы 16 наурыздан ерте емес және 18 наурызға дейін	(37-б. 3-т.)
33. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау	Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда Дауыс беруді бастаудың басқа уақыты белгіленбесе, жергілікті уақыт бойынша сағат 06:00-де	(40-б. 1-т.)
34. Дауыс беруді өткізу	Учаскелік сайлау комиссиялары Егер дауыс берудің басқа уақыты белгіленбесе, жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін	(38-б. 1-т.)
35. Сайлау учаскесінде дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелері туралы хаттама жасау	Учаскелік сайлау комиссиялары Егер дауыс беруді аяқтаудың басқа уақыты белгіленбесе және дауыстарды санаудан басталғаннан 12 сағаттан аспаса, жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады	(18-б. 8) т., 43-б.)
36. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпыжұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу	Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу	(43-б. 8-т.)
37. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды тиісті аумақтық (округтік) сайлау комиссияларына ұсыну	Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу	(94-б. 1-т.)
38. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың сайлау комиссияларына ұсыну	Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, округтік сайлау комиссиялары Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу	(94-б.)
